

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 қарашадағы № 3205 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 13 қаңтардағы № 916 Жарлығы  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Президенті мен Үкіметі актілерінің  
жинағында жариялануға тиіс

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының  
1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 14-бабының 2)  
тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы Ережені  
бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 қарашадағы №  
3205 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., № 44, 424-құжат;  
2005 ж., № 15, 174-құжат; 2006 ж., № 33, 350-құжат; 2007 ж., № 42, 479-құжат)  
мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Орталық  
сайлау комиссиясы туралы Ережеде:

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының орынбасары мен хатшысы  
комиссияның бірінші отырысында сайланады.»;

8 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі  
депутаттарының бір бөлігін сайлауға қатысу үшін саяси партияларға рұқсат беру  
туралы мәселені қарайды;»;

3) тармақша алып тасталсын;

5) тармақшада:

«арыздар мен шағымдарды қарайды;» деген сөздерден кейін «сайлау туралы  
заңнаманы түсіндіруді ұйымдастырады;»;

«саяси партиялардың өкілдерімен» деген сөздерден кейін «және сайлау процесіне  
басқа да қатысушылармен» деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақшада:

«мәслихаттардың депутаттарын және» деген сөздерден кейін «өзге де» деген сөзбен  
толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктерін дайындауды

ұйымдастырады, оларды беру мен есепке алудың тәртібін айқындайды;»;

8) тармақшада «, олардың сенім білдірген адамдарын» деген сөздер алып тасталсын ;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) саяси партиялар ұсынған партиялық тізімдерді және Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған кандидаттарды тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді; бұқаралық ақпарат құралдарында партиялық тізімдерді, Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған кандидаттарды тіркеу туралы хабарламаны жариялайды;» ;

13) тармақша «Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау кезінде қайта дауыс беру мен қайта сайлау өткізуді ұйымдастырады;» деген сөздермен толықтырылсын;

16) тармақша «мәслихаттар депутаттары мен» деген сөздерден кейін «өзге де» деген сөзбен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

«16-1) таңдаушылардың шешімі бойынша Парламент Сенаты депутатының өкілеттігін тоқтату жөніндегі құжаттардың үлгілерін бекітеді; таңдаушылардың шешімі бойынша Парламент Сенаты депутатының өкілеттігін тоқтату жөнінде дауыс беру қорытындыларын белгілейді;» ;

17) тармақшада «Парламент Мәжілісі мен» деген сөздер алынып тасталсын;

17-1) тармақшада «web-сайтына» деген сөздер «интернет-ресурсына» деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 17-5), 20-1) және 21-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«17-5) электрондық сайлау жүйесін іске қосу уақытын белгілейді;»;

«20-1) партиялық тізімдер бойынша дауыс беру қорытындыларына қарай депутаттық мандаттарды бөлу үшін квота белгілейді;»;

«21-1) саяси партияларды қаржыландыру тәртібін айқындайды;».

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Президенті*

*Қазақстан Республикасының  
Н. Назарбаев*